

**«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ университеті» Акционерлік
қоғамы**



БЕКІТІЛДІ
АЛУ ҒК шешімімен
«27»_03_2025 ж. (№ 8 хаттама)
Президент-Ректор
Жармагамбетова М.С.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атауы: 6B04145 - Халықаралық сауда

Дайындық деңгейі: Бакалавриат

Даярлау бағыттарының коды және сыныптамасы: 6B041 – Бизнес және басқару

Білім беру бағдарламаларының коды мен тобы: B047 – Маркетинг және жарнама

Тізілімде тіркелген күні: 10.06.2025

Тіркеу нөмірі: 6B04100769

Алматы, 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Бағдарламаны қарау, келісу және бекіту, әзірлеушілер мен сарапшылар туралы мәліметтер	3
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Білім беру бағдарламасының паспорты	5
4. Бітірушінің құзыреттілік моделі	6
5. Матрица білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің оқу пәндерімен/модульдерімен арақатынасы	9
6. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасының құрылымы	11
7. Оқудың барлық мерзіміне арналған жұмыс оқу жоспары	12
8. ЖОО компоненті пәндерінің каталогы	14
9. Таңдау компоненті пәндерінің каталогы	17
10. Сараптамалық қорытындылар	24
11. Рецензенттің қорытындысы	25
12. Ұсыным хаттар	26
13. Қарау және бекіту хаттамалары	27
14. Келісу парағы	33
15. Өзгерістерді тіркеу парағы	34

**1. БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, ӘЗІРЛЕУШІЛЕР ТУРАЛЫ
МӘЛІМЕТТЕР, САРАПШЫЛАР МЕН РЕЦЕНЗЕНТТЕРДЕ**

1 ӘЗІРЛЕНДІ:

Ассистент профессор, э.ғ.к.

Ассистент профессор, э.ғ.к.

Оқытушының ассистенті

ЭИМ-23-1 тобының студенті

2 САРАПШЫЛАР:

«Берекет класс» ЖШС бас директоры

3 РЕЦЕНЗЕНТ:

«Global Trans Logistics» ЖШС басшысы

4 ҚАРАЛДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ:

"Көліктегі логистика және
менеджмент" АҚ отырысы
№ 1 Хаттама, "17" 02 2025г.

"Логистика және менеджмент"
институтының КОК-ОӘК отырысы
Хаттама № 7, "20" ақпан 2025 ж.

ОӘК отырысы
Хаттама № 4а, "20" наурыз 2025 ж.

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

Сугурова А.Ж.

Ахметжанова А.Х.

Игенбаева Ш.А.

Жантөре Б.

Жапаров М.А.

Бориц А.Б.

Мусалиева Р.Д.

Мусаева Г.С.

Коджабергеннова А.К.

5 БЕКІТІЛДІ ғылыми кеңестің 2025 жылғы "27" сәуірдегі № 8 шешімімен

6 ЖАҢАРТЫЛДЫ 17.06.2025

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген және кәсіби стандарттарды әзірлеу:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2023 жылғы 27 наурыздағы жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырулармен).

2. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңбері.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясы отырысының 2019 жылғы 27 қарашадағы № 3 хаттамасымен бекітілген "Білім" саласының салалық біліктілік шеңбері.

4. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 66 бұйрығы).

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 309 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары. (2023 жылғы 04 сәуірдегі № 145 өзгерістер мен толықтырулармен).

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші (2020 жылғы 05 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі (2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 536 өзгерістер мен толықтырулармен).

9. РИ-АЛТ-33 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі туралы ереже".

10. Кәсіби стандарт: "Атамекен" ҚР ҰКП 07.08.2023 ж. №125 бұйрығымен бекітілген "Электрондық коммерция саласындағы қызметтерді ұсыну".

11. <https://www.enbek.kz/atlas/profession/189>

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

№	Өріс атауы	Сипаттамасы
1	Тіркеу нөмірі	6B04100769
2	Білім беру саласының коды мен классификациясы	6B04 – Бизнес, басқару және құқық
3	Даярлау бағыттарының коды мен классификациясы	6B041 – Бизнес және басқару
4	Білім беру бағдарламаларының коды мен тобы	B047 – Маркетинг және жарнама
5	Білім беру бағдарламасының атауы	6B04145 – Халықаралық сауда
6	ББ түрі	Инновациялық
7	ББ мақсаты	Жаһандық сын-қатерлерді ескере отырып, халықаралық нарықтарға шығудың тиімді стратегияларын әзірлеуге және іске асыруға қабілетті, халықаралық бизнес саласында жүйелі білімі бар, халықаралық сауда саласындағы бәсекеге қабілетті маманды даярлау.
8	ХБСЖ (МСКО) бойынша деңгейі	6
9	ҰБШ (НРК) бойынша деңгейі	6
10	СБШ (ОРК) бойынша деңгейі	6
11	ББ ерекшеліктері	Жоқ
12	Серіктес ЖОО (БББ)	-
13	Серіктес ЖОО (ҚБББ)	-
14	Оқу түрі	Күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
16	Кредиттер көлемі	241
17	Берілетін академиялық дәреже	«6B04145 – Халықаралық сауда» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры
18	Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы	№KZ12LAA00025205
19	ББ аккредитеудің болуы	-
20	Аккредитеу органының атауы	-
21	Аккредитеудің қолданылу мерзімі	-

4. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

1. Жан-жақты гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімі мен қызығушылықтары бар, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби өсуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.
2. Жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан қайта қарау, өз кәсіби қызметінің бейінін жетілдіру қабілетін қалыптастыру, болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметті орындауға жоғары уәждемеге ие болу.
3. Халықаралық сауданың іргелі тұжырымдамалары мен теорияларын меңгеру.
4. Түлектердің жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуі, білім алушылар тұлғасының қалыптасуы мен дамуы, білім беру бағдарламасының ҚР МЖБС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.
5. Әлемдік сауданың даму заңдылықтарын және халықаралық экономикалық қатынастарды зерттеу.
6. Халықаралық сауда келісімдерімен және ДСҰ нормаларымен таныстыру.
7. Кедендік, валюталық және сыртқы сауда заңнамасын зерттеу.
8. Сыртқы сауданы мемлекеттік реттеу тетіктерін түсіну.
9. Халықаралық келіссөздер жүргізу және іскерлік коммуникация дағдыларын меңгеру.
10. Халықаралық компанияларда, экспорттық-импорттық ұйымдарда және мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істеу үшін мамандар даярлау.

Оқу нәтижелері (ОН):

ОН1 – Қазіргі цифрлық трансформация жағдайында жасыл экономиканың негізгі элементтерін талдау үшін халықаралық талаптарды ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау контекстіндегі орнықты технологиялар принциптерін түсіндіру.

ОН2 – Цифрлық технологиялардың білім алуға (инклюзия контекстінде) және бизнеске қолжетімділігіне әсерін бағалау, ғылыми зерттеу әдістерін, кәсіпкерлік қызметті және тіршілік қауіпсіздігін реттейтін негізгі құқықтық нормаларды қолдану.

ОН3 – Кәсіби салада халықаралық сауданы, еңбек қатынастарын, сатып алу-сату мәмілелерін жасасуды және сүйемелдеуді реттейтін құқықтық аспектілер бойынша білімді қолдану.

ОН4 – Компанияны басқару моделін әзірлеу үшін қаржылық есептілікті жүргізу, математикалық әдістерді, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, рентабельділік көрсеткіштерін есептеу үшін аудиторлық процедуралар негізінде қаржылық құжаттардың дұрыстығын анықтау.

ОН5 – Бизнес-міндеттерді шешу, қосымшаларды әзірлеу, веб-бет құрылымдарын талдау, 1С бағдарламасында қалыптасқан қаржылық есептілікті талдау, тәуекелдерді анықтау және қорытындылар қалыптастыру үшін АКТ-құралдары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін біріктіру.

ОН6 – Әртүрлі нарықтардың ерекшеліктерін және халықаралық стандарттардың ерекшеліктерін ескере отырып, компанияның сыртқы саудасының тиімді маркетингтік стратегияларын әзірлеу.

ОН7 – Серіктестердің мінез-құлқын мәдени айырмашылықтарды ескере отырып бағалау, сондай-ақ қажетті іскерлік байланыстарды орнату үшін шет тілдерін білуді пайдалана отырып, мәдениетаралық ортада тиімді келіссөздер стратегиясын таңдау.

ОН8 – Елдер арасындағы сауда қатынастарына әсер ететін экономикалық, саяси және мәдени-құқықтық факторларды ескере отырып, тасымалдаудың оңтайлы схемалары мен кедендік реттеу ерекшеліктерін пайдалана отырып, тауарлардың халықаралық жеткізілімін ұйымдастыру.

ОН9 – Әртүрлі құралдарды және елдер арасындағы сыртқы сауда ерекшеліктерін пайдалана отырып, халықаралық қаржылық операцияларды жүзеге асыру.

ОН10 – Стратегияны әзірлеу, жарнамалық науқандарды жүргізу және сатуды басқару бойынша басқарушылық шешімдерді негіздеу үшін маркетингтік зерттеу әдістері мен жасанды интеллектіні пайдалана отырып нарықты талдау.

ОН11 – Визуалды мерчендайзинг принциптерін және компания мен оның өнімінің артықшылықтарын тиімді көпшілікке таныстыруды ескере отырып, маркетингтік зерттеулер нәтижесінде алынған деректерді талдау негізінде нарықта брендті позициялау стратегиясын жобалау.

ОН12 – Еңбек заңнамасын ескере отырып, персоналды іріктеу және бағалау әдістерін, жеке уақытты басқаруды таңдау және кәсіби қызметтегі міндеттерге басымдық беруді қалыптастыру.

Кәсіби қызмет саласы және нысандары: «Халықаралық сауда» ББ бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы келесілермен байланысты экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және талдау қызметінің жиынтығын қамтиды:

- Сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру және дамыту;
- Меншік нысаны әртүрлі ұйымдардың экспорттық-импорттық қызметін ұйымдастыру және басқару;
- Әлемдік тауар және қызмет көрсету нарықтарының конъюнктурасын талдау және болжау;
- Компаниялар мен мемлекеттік құрылымдардың сыртқы экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру;
- Халықаралық сауданы ұлттық және халықаралық деңгейде реттеу;
- Сыртқы сауда қызметін құқықтық, қаржылық және кедендік қамтамасыз ету;
- Халықаралық тауар ағындарын логистикалық сүйемелдеу;
- Халықаралық коммерциялық келіссөздерге қатысу және сыртқы сауда келісімшарттарын жасасу.

Кәсіби қызметтің нысандары:

- Әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың сыртқы сауда қызметі;
- Тауарлармен, қызметтермен және интеллектуалдық қызмет нәтижелерімен экспорттық-импорттық операциялар;
- Халықаралық тауар, қаржы және ақпараттық ағындар;
- Әлемдік және өңірлік тауарлар мен қызметтер нарығы, олардың конъюнктурасы мен инфрақұрылымы;
- Сыртқы сауда келісімшарттары, коммерциялық және көлік құжаттары;
- Халықаралық сауда-экономикалық келісімдер мен шарттар;
- Халықаралық сауданы мемлекеттік және ұлтүстілік реттеу жүйелері мен тетіктері;
- Кедендік рәсімдер, төлемдер және режимдер;
- Логистикалық тізбектер және халықаралық тасымалдау жүйелері;
- Валюталық-қаржылық есеп айырысулар және сыртқы сауда мәмілелерін қамтамасыз ету құралдары;
- Халықаралық сауда қызметінің тәуекелдері және оларды басқару тетіктері.

Қызмет түрлері:

- Ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- Талдау;
- Есептік-экономикалық;
- Консалтингтік;
- Кәсіпкерлік.

Қызмет функциялары:

1. Талдау функциясы: әлемдік нарықтарды талдау, әлеуетті бағалау, тәуекелдерді талдау.
2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық функция: экспорт-импортты жоспарлау, серіктестермен үйлестіру.
3. Келісімшарттық-шарттық функция: келісімшарттарды дайындау, Incoterms таңдау, іскерлік хат алмасу.
4. Экономикалық және қаржылық функция: тиімділікті есептеу, баға қалыптастыру, валюталық есеп айырысулар.
5. Құқықтық және реттеушілік функция: заңнаманы сақтау, ДСҰ талаптары, кеден органдарымен өзара іс-қимыл.
6. Логистикалық функция: тасымалдауды ұйымдастыру, маршруттарды таңдау, кедендік

ресімдеуді бақылау.

7. Коммуникациялық функция: келіссөздер жүргізу, мәдениетаралық байланыс.

Маман лауазымдарының тізбесі:

Халықаралық сауда маманы, сыртқы экономикалық қызмет (СЭҚ) маманы, экспорттық-импорттық операциялар жөніндегі маман, кедендік ресімдеу жөніндегі маман, халықаралық нарықтарды дамыту жөніндегі менеджер, халықаралық логистика жөніндегі менеджер, шетелдік серіктестермен жұмыс жөніндегі менеджер, халықаралық сату менеджері (International Sales Manager), халықаралық сауда жөніндегі кеңесші, халықаралық нарықтардың талдаушысы, сауда-өнеркәсіп палаталары мен салалық қауымдастықтардың сарапшысы.

Оқуды аяқтағаннан кейін алынатын кәсіби сертификаттар: 1С:Бухгалтер.

Алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар: жалпы орта, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім (бакалавриат).

Оқу үдерісінде білім алушылар кәсіби практиканың келесі түрлерінен өтеді:

- Оқу практикасы;
- Өндірістік практика;
- Өндірістік (дипломалды) практика.

Оқу практикасы

Практиканың мақсаты — теориялық білімді бекіту мен тереңдетуді, бастапқы құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруді, электрондық коммерцияға қатысты негізгі экономикалық тұжырымдамалармен (маркетинг, қаржы және басқаруды қоса алғанда), соның ішінде өндірістік жағдайларда танысуды қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттіліктерді иелену, сондай-ақ студенттерді арнайы пәндерді тереңірек зерделеуге дайындау.

Өндірістік практика (1)

Өндірістік практика кезеңінде білім алушы электрондық коммерция және веб-сайттар құру саласында белгілі бір практикалық білім, ікемділік пен дағдыларды алады.

Өндірістік практиканың негізгі міндеттері: базалық және бейіндеуші циклдердің бұрын зерделенген пәндері бойынша теориялық білімді бекіту және практикалық дағдыларды қалыптастыру. Өндірістік практика бакалавриат деңгейіндегі даярлықтың құрамдас бөлігі және оқу үдерісінің элементі болып табылады, ол еңбек нарығында бағдарлануға және болашақ мамандығын табуға мүмкіндік береді.

Дипломалды/Өндірістік практика (2)

Дипломалды/өндірістік практиканың мазмұны бітіруші біліктілік жұмысының тақырыбымен анықталады. Дипломалды/өндірістік практика кезеңінде білім алушы кәсіпорынның (ұйымның) өндірістік (кәсіби) қызметі туралы нақты материалдар жинайды және оны біліктілік жұмысын орындау кезінде пайдаланады.

Бакалаврлар үшін дипломалды/өндірістік практиканың мақсаты — таңдалған білім беру бағдарламасын игеру кезінде алынған теориялық білім мен практикалық қызмет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету. Міндеттері: оқу үдерісінде алынған теориялық білімді бекіту және тереңдету, бітіруші біліктілік жұмысын жазу үшін ақпарат жинау, кәсіпорындағы озық тәжірибені зерттеу, сондай-ақ өз бетінше жұмыс істеу тәжірибесін жинақтау.

Қорытынды аттестация

Қорытынды аттестация білім алушылардың кәсіби міндеттерді шешуге теориялық дайындығын, Халықаралық сауда» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызметінің негізгі түрлеріне дайындығын анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Кешенді емтихан базалық және бейіндеуші циклдер пәндері бойынша негізгі және практикалық маңызы бар сұрақтарды қамтиды.

Бітіруші біліктілік жұмысы (дипломдық жұмыс/жоба) — таңдалған бағыт бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеуге, бекітуге және кеңейтуге, сондай-ақ оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік міндеттерді шешу кезінде қолдануға бағытталған.

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ОҚУ ПӘНДЕРІМЕН/МОДУЛЬДЕРМЕН СӘЙКЕСТІК МАТРИЦАСЫ

№	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін оқу пәндерімен байланыстыру матрицасы											
			ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1.	Қазақстан тарихы	5									+			
2.	Философия	5									+			
3.	Дене шынықтыру	8						+						
4.	Шет тілі	10									+			
5.	Қазақ (Орыс) тілі	10									+			
6.	Әлеуметтану	2									+			
7.	Мәдениеттану	2									+			
8.	Саясаттану	2									+			
9.	Психология	2						+						
10.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	+											
11.	Экологиялық орнықты технологиялар	5	+											
12.	Жасыл экономика және орнықты кәсіпкерлік		+	+										
13.	Қаржылық сауаттылық негіздері					+								
14.	Цифрлық инклюзия			+										
15.	Ғылыми зерттеулер негіздері						+							
16.	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі		+											
17.	Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет			+										
18.	Бизнес математика 1	5				+								
19.	Бизнес математика 2	4				+								
20.	Микроэкономика	6						+						
21.	Макроэкономика	5						+						
22.	Көліктің экономикалық географиясы	6								+				
23.	Қаржы	7				+					+			
24.	Халықаралық бизнес	6			+			+	+					
25.	Халықаралық іскерлік келіссөздер	4			+				+					
26.	Python бағдарламалау негіздері	3					+							
27.	Халықаралық экономикалық қатынастар	5			+					+				
28.	Оқу практикасы	2	+	+	+	+	+							
29.	Қытай тілі 1	3							+					
30.	Неміс тілі 1								+					
31.	Қытай тілі 2	3							+					
32.	Неміс тілі 2								+					
33.	Қытай тілі 3	3							+					
34.	Неміс тілі 3								+					
35.	Қытай тілі (кәсіби) 1	3							+					
36.	Неміс тілі								+					

[illegible]